



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

педагогикалық қызметінде жеке тұжырымдамасының қалыптасуын, жеке бастың педагогикалық құндылықтар мен технологияларды меңгеруіне көмектеседі.

12 жылдық білім беру мектебі: зерттеуге негізделген оқудың оқушыларға маңызы: Мектеп оқушылары бұл жүйе арқылы кәсіптік білім алып шыға алады. Өз бетімен қорытынды жасап, алдына мақсат- міндет қоя алатын жеке тұлға болып қалыптаса алады. Баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамдық экономикалық, саяси, мәдени өміріне белсене араласуға мүмкіндік беретін психологиялық педагогикалық институт қалыптаса алуына мүмкіндік береді. Оқушының әлемдік стандарт деңгейіне сай жоғары сапалы білім ала алады. Өзінің жеке бас мүддесімен үйлестіре алуға үйретеді.

12 жылдық білім беру мектебіндегі зерттеуге негізделген оқудың студентке, болашақ мұғалімге маңызы: яғни пайдасы шығармашылықпен қоғамдағы нарықтық бәсекелестікке қабілетті, өзін-өзі толық іске бағыттай алатын, функционалды сауатты болашақ маман ретінде қалыптасуымызға көмектесе алады. Егер де зерттеуге бағытталған оқуды жаппай тәжірибеге енгізілсе, онда 12-жылдық білім берудің міндеттері жүзеге асырылатынына сеніміміз мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 12-кі жылдық жалпы орта білім берудің басты мақсаты мен күтілетін нәтижелері. // <http://malimetter.kz/12-zhyldyk-zhalpy-orta-bilim-berudin-basty-maksaty-men-kutiletin-natizheleri/>.
2. 2. Пірәлиев С.Ж. Педагогикалық кадрларды дайындау-12 жылдық білім беруге көшудегі ең маңызды шарттарының бірі. // Ұлттық тәрбие.-2013.-№6.- Б,-7-11.
3. 3. Алжанов С. Білім беру жүйесін дамытуда мұғалім құзыреттілігін арттыру. // Адам және қоғам.-2013.-№6.-Б 14-16.
4. 4. 12-жылдық мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулар. // НЗМ. 2015. Б.17-18.
5. 5. Julie Hamston. Integrating Socially: Planning Integrated Units of Work for Social // https://books.google.kz/books/about/Integrating_Socially.

ӘОЖ 378.01.012

КӨПМӘДЕНИ ОРТАДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ДАМУ

Турсынтаева Асем Аркатовна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «5В012300- әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі –Шолпанқұлова Г.К.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауларындағы: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы тек «Қазақстан - 2050» Стратегиясының идеялық тұғырнамасы ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақ мемлекеті қалыптасуының мызғымас идеялық негізіне айналуы керек» - деп ерекше атап көрсетуі [1] қоғамдағы әлеуметтік - экономикалық өзгерістер, әртүрлі ұлт мәдениетінің әлемдік интеграциясына мүмкіндік беретін әрекеттесу формаларын іздестіру құндылықтар жүйесі мен құндылық бағдардың алмасуына алып келіп, көпмәдени орта ерекшеліктерін ескере отырып, студенттердің құндылық бағдарын дамыту мәселесін өзектендіре түсуде.

Сондықтан құндылық мәселесін түсінуде, алдымен «Құндылық дегеніміз не? Ол адам өмірінде, тарихта, мәдениетте қалай жүзеге асады? Заманауи құндылыққа нені жатқызамыз? және басқа да сұрақтарды, оған берілген көзқарастарды, осы мәселені қарастырған философ, психолог, педагог, социолог ғалымдардың еңбектеріне талдау жасадық. Жалпы құндылық

адамзат тарихында түбегейлі орын алған, адамның ақыл-өнегесімен, өсиетімен ұштасып, мәңгі сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәселе.

«Құндылық» ұғымын XIX ғ. қазіргі заманғы құндылықтар теориясының негізін қалаған неміс философы Р.Г.Лотце енгізді. Ол шынайы фактілер мен ақиқат саласының құндылығын анықтаудың теориялық негіздерін айқындады. Сол арқылы «құндылық» ұғымының тұрмыстық және сана үшін маңызды категориялық мәнін ашып көрсетеді [2].

Сол уақыттан бастап «құндылық» ұғымының мағынасы маңыздылығы жағынан адам мен қоғам үшін жағымды және жағымсыз болып айқындалатын қоршаған әлем объектісін өзіндік әлеуметтік анықтау деп толықтырылып келеді.

Сондықтан әлеуметтік өзгерістерге байланысты қоғамның да, тұлғаның да құндылық бағдары өзгеріп отырады. Бірақ, тамыры терең жатқан көп ғасырлар бойы адамзаттың дамуына бағдар беріп келе жатқан ізгілік (гуманизм), адалдық, адами борыш, парыз, табиғатты аялау, талғампаздық, сұлулық сезімдері мәңгілік құндылықтар мәдениеттің негізін қалайтын іргетасы.

Тарихқа көз жіберсек, құндылықтың ұлттық мәдениеттің қалыптасуындағы әлеуметтік-адамгершілік аспектісі педагогиканың тарихы мен теориясында кеңінен зерттеліп жүрген мәселелердің бірі екендігі байқалады.

Құндылықтың әлеуметтік - адамгершілік мәні, тұлғаның қалыптасуындағы тәрбиелік маңызы туралы ғұламалар Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, қазақ ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уалиханов, педагогтар Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ә.Марғұлан, Т.Тәжібаев, М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы және т.б. өз еңбектерінде құнды ой-пікірлерін қалдырып кеткен. Бұл айтылған ойлардың барлығы ұлттық тәрбие тамырының тереңде жатқанын көрсетеді.

Соның ішінде, Әл Фараби өз заманында «Адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан ғана таба алады. Жеке жан иесі адамдар бірлестігінің арқасында жетіліп, өз қабілетін шыңдай түседі. Осыдан келіп олардың өмір сүру мәні қалыптасады» - дей келе, рухани құндылықтар ішінен «қайырымдылық» феноменін ерекше атап көрсетеді. Оның пікірінше, «Қайырымдылық» екі түрлі: этикалық және интеллектуалдық. Мысалы, парасаттылық, даналық, ақыл-ойдың тапқырлығы мен ұғымталдығы интеллектуалдық қайырымдылыққа жатқызылса, ал ұстамдылық, батылдылық, жомарттық, әділдік, т.б. этикалық қайырымдылыққа тиесілі» [3].

Ғылыми әдебиеттерді талдау «құндылық» және «құндылық бағдар» ұғымдарының тарихилық сипатын көрсетеді, яғни ол нақты қоғамның тарихи кезеңіне, экономикалық құрылысына, дәстүріне, мәдениетіне байланысты. Мысалы, антикалық дәуірде («құндылық» термині мәні жағынан орын алса да қолданылмаған) философиялық мектептер құндылық мазмұнын әртүрлі анықтаған: әлемді және өзінді тануға, өзін және санасын басқаруға; бақытқа жетуге, табиғи қажеттіліктерді қанағаттандыруға, мазасыздықтың болмауына, т.б. үйретсе; ал орта ғасыр өкілдерінің басты құндылығы алла деген сүйіспеншілікке жету, өсиеттерді сақтау (жақындарын сүйу, ата-ананы құрметтеу, ұрлық жасамау, өтірік айтпау, т.б.) болды.

Бүгінде құндылықтардың табиғаты, дүниедегі құндылықтар жүйесі туралы философиялық ілім ретінде аксиология (грек тілінің «axia» - құндылық, «логос» – ілім) ғылымы қалыптасты. Аксиологияның ғылым ретінде қалыптасуына үлес қосқан философтар (Гегель, Кант, Ницше, Кассирер, т.б.) мәдениеттің ішкі құрылымынан жалпыадамзаттық құндылық арқылы адамның алдына қойған мақсатқа жету жолында өмір сүру негізін құрайтын «мәнділік», «еркіндік», «игілік», «жақсылық» сияқты құндылықтарға ұмтылуы қажет екендігін ерекше атап көрсетті.

Жалпы «құндылық» феномені әртүрлі аспектіде, атап айтқанда, философия ғылымында дүниетанымдық, әлеуметтану ғылымында әлеуметтік типтік, психология ғылымында тұлғалық құрылым, педагогика ғылымында тұлғалық қалыптасу тұрғысынан зерттеледі.

Философиялық тұрғыдан құндылық ұғымдарын, оның әлеуметтік табиғаты мен мазмұнын (Р.Б.Абсаттаров, Л.М.Архангельский, С.Ф.Анисимов және т.б.) анықтаса, ал; рухани құндылықтардың әлеуметтік-философиялық негізін философтар С.Нұрмұратов [4], А.А.Нысанбаев [5], т.б. тереңірек зерттеген.

Демек құндылық тұлға үшін маңызды, пайдалы, өзін жетілдіруге және адамзат қоғамының дамуына септігі бар адамның шынайылыққа деген қатынасының мәнін сипаттайды. Сонымен бірге құндылық салт-дәстүр немесе нормалардың жиынтығы арқылы да қалыптасады. Ол өзіне қызығушылықты, парыз бен идеалды, мотивация мен сезімнің оянуын енгізеді. Осыдан құндылықтың мәнін ескеріп, жағдайды қабылдауға немесе керісінше, оған жағымды және жағымсыз баға беруге болады.

Сондықтан құндылық бағдар қалыптасқан тұрақты құндылықтар бағыттарының жиынтығы, тұлға тұрақтылығы, қажеттіліктері мен қызығушылықтары бағытындағы іс-қылықтары мен іс-әрекет типтерінің өзара байланыста ұштасуын қамтамасыз етеді. Құндылық бағдар адамды танымдық іс-әрекетін жүйесіне ынталандырады және оның талаптарын сақтау ұстанымын қалыптастырады. Осыдан қай қоғамда да тұлғаның құндылық бағдары тәрбиенің мақсатты ықпал жасау нысаны ретінде қарастырылады. Олар арқылы студенттердің еріктік күш салу, зейін, ой-өріс бағдарлары анықталады.

Ғалым-педагог Р.К.Төлеубекова еліміздің қазіргі кезеңдегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізін зерттеуде өзіндік жаңа ұстанымға сүйене отырып, жалпыадамзаттық құндылықтар ішінен- Адам, Еңбек, Білім, Отбасы, Ұлт, Бейбітшілік, Жер, Отан, Мәдениет т.б. бөліп көрсетеді. Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жеке адамның адамгершілік құндылықтарын жоғары сынып оқушыларына тәрбиелеу тұжырымдамасын жасайды [6].

Құндылық бағдардың дамуы тұлғаның кемелденуінің белгісі, оның әлеуметтенуінің көрсеткіші болып саналады. Осыдан тұлғаның құндылық бағдарын оның ішкі мүмкіндігі мен қажеттілігін дамыту үдерісі ретінде қарастыруымызға тура келді. Студенттердің құндылық бағдары тұтас педагогикалық үдеріске табиғи байланысты өзіндік тәрбиелік үдеріс болып табылады.

М.Рокич өзі ұсынған құндылықтарды анықтау типологиясында «құндылықтар адамның әртүрлі қажеттіліктері мен мүдделеріне, қалауларына байланысты қалыптасады» - деп көрсетеді. Ол құндылықтарды екі топқа бөліп көрсетеді: *терминалды құндылықтар* (мақсат құндылық) адамның сенімі ретінде индивидтің талпынатын мақсатымен анықталады. Ол адам үшін оның өмірінің мәнін анықтап, ол үшін ерекше маңыздысын көрсетеді: *инструменталды құндылықтар* (құрал құндылық) адамның сенімі ретінде кез келген жағдаятта ең қолайлы болып табылатын тұлғаның қасиеті немесе белгілі әрекет бейнесімен анықталады. Осылайша бөлу құндылық-мақсат және құндылық-құрал деп жіктеуге сәйкес келеді. Терминалды құндылықтар инструменталдық құндылықтарға қарағанда тұрақты сипатқа ие [7].

Педагогика ғылымында (Б.М.Бим-Бад, М.В.Богуславский, И.Ф.Исаев, Б.Т.Лихачев, Н.Д.Никандров, В.А.Сластенин, т.б.). құндылық бағдарды қалыптастыруда (әртүрлі жастағы білім алушылардың) педагогикалық іс-әрекеттің бағыттына, мазмұнына, әдістемелік – технологиялық негіздеріне, мақсатына басты назар аударылады. Мұнда ең маңыздысы құндылық бағдарды қалыптастыру мен оны ары қарай дамытаудың адамгершілік бағыттылығы, ол педагогиканың аксиологиялық бастау екендігін көрсетеді.

Психология ғылымында (А.Г.Здравомыслов, Б.Г.Ананьев, Э.Берн, А.Маслоу, М.Рокич, З.Фрейд, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, А.Н.Леонтьев, К.Роджерс және т.б.) адамның өмірлік мәнді құндылықтары өз өмірінің мәнін, мақсатын саналы ұғынудың нәтижесі ретінде қарастырылады. Сондықтан құндылық бағдар «өмірдің мәні», «өмірлік мақсат», «қарым-қатынас», «ұстаным» ұғымдарымен тығыз байланысты. Құндылық бір жағынан, тұлғаның абыройы (адамдар тобы, ұжым) мен оның іс-қылықтарының адамгершілік маңызы немесе қоғамдық институттардың адамгершілік сипаты; екіншіден, моралдық санаға жататын – мораль нормалары, принциптері, мұраттары, қайырымдылық және қайырымсыздық, әділдік,

бақыт түсініктері деп түсіндіріледі. Екінші жағынан, құндылық қоғамның моралдық қатынасының көріну формасы ретінде қатысады.

А.В.Петровскийдің пікірінше, «құндылық бағдар» құндылыққа қатысты сананың бағыты; индивидтің рухани өмірі деңгейінің бағыты және адам мен қоғам өмірінің басқа да аспектілерін (психикалық, физикалық, саналы және санасыз) анықтайтын деңгейдің тұрақтылығы. Ол тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру мен дамытудың бірқатар үрдістерін бөліп көрсетеді, олар: персонализация, яғни өзіне бейімделуді енгізеді (индивидтің әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеруі), индивидуализация (өзінің «Мен»-інің құндылықтарын бекіту); интеграция (тұлғалық және топтық құндылықтар арасындағы қарама-қайшылықтарды трансформация жолымен жою) [8].

Н.А. Журавлеваның ойынша, «құндылық бағдар» тұлғаның әлеуметтік дәлелденген, салыстырмалы тұрақты мақсатқа бағыттылығы, тұлға үшін өмірлік мәнді болып саналатын, тұлғалық сапа-қасиет ретінде көрінетін, мінез-құлық үлгісі [9].

Құндылық бағдар идеал мен құндылықты танудағы жеке және әлеуметтік өмірлік тәжірибе негізінде қалыптасады әрі дамиды. Олар тұлғаның болашақтағы өмірлік мақсаттары мен мотивтерінің, қажеттіліктерінің, басқару стратегиясының, жоспарының, адамның мінез-құлқының, басқаратын қылықтары мен іс-әрекетінің иерархиясын қалыптастыру үшін ортаның мүмкіндіктері маңызды болып табылады.

Білім беру кеңістігі нақтылы білім беру мекемесінің материалдық және кеңістіктік-заттық әлеуметтік жағдайларының жүйесін, сонымен бірге тұлғааралық қатынастарының жиынтығын құрайды, білім беру мекемесінің қызмет етуі деп те түсіндіріледі.

В.А.Козыревтің пікірінше, білім беру кеңістігі – бұл адамның білім алуына әсер ететін өзара байланысты белгілі бір жағдайлардың жиынтығы, білім беру субъектілері мен білім беру ортасының өзара әрекеттестігі негізінде тұлғаның қызығушылығына сәйкестікті көрсетеді [10].

Қазіргі заманғы ғылыми әдебиеттерде орта феномені әртүрлі тұрғыдан анықталып, түсіндіріледі: күнделікті мәдениетін негізін қалайтын, жеке тұлғаның қайталанбастығын сипаттайтын орын (В.Л.Глазичев); субъект тікелей немесе жанама, ашық және жабық формада әрекеттесетін қоршаған әлемнің бір бөлігі. Ол әлемнен «субъект-орта», «жүйе – орта» арақатынасы бойынша бөліп көрсетіледі (М.Хейдметс). Сонымен бірге әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы зерттеулерде көптеген ғалымдар (А.В.Мудрик, Л.В.Мардахаев, Ю.С.Мануйлов, т.б.) адамның тіршілік ортасының тәрбиелік әлеуеті жоғары екендігін ашып көрсетеді.

С.В.Тарасов білім беру ортасының келесі типтерін ұсынады: ішкі ортаның өзара әрекетінің стилі бойынша (бәсекеге қабілетті – кооперативтік, гуманистік – технократтық т.б.); ұйымдастыру жүйесінің деңгейі бойынша (қоғамның білім беру ортасы, мекеме, ұжым, топ, т.б.); ұйымдастыру тәсілі бойынша (гуманитарлық, дамытушылық, бейімдеушілік); әлеуметтік тәжірибені беру сипатына қатысты (дәстүрлі, инновациялық, ұлттық, универсалдық); сыртқы ортамен қатынасына қарай (ашық, жабық) [11].

Адамды қоршаған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар, ұстанымдар, сонымен бірге адамдар, онымен байланысты осы жағдайлардың жиынтығы (өмір сүру ортасы), адамды қоршаған табиғи жағдайлар (табиғи орта), табиғи және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың жиынтығы адамның өмірінде өтеді және оның тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Өзіне отбасы, көше, білім беру мекемесі және т.б. (тәрбиелік орта); нақты тұлғаның дамуы жүретін қоғамдық қатынастар, әлеуметтік қауымдастық, олардың дамуының әлеуметтік жағдайлары (әлеуметтік орта) (Л.В.Мардахаев) [12].

Бүгінде әлеуметтік мәдени ортаның көпсубъектілігі байқалатыны анық. Мұндай ортада оқу-тәрбие үдерісінің барлық субъектілері өзінің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру субъектісі бола алады. Бұл студенттердің құндылық бағдарын дамыту үрдісінде қазіргі заманғы білім беру кеңістігінің мүмкіндіктерін жүзеге асырады. Сонымен бірге студенттердің құндылық бағдарын дамытуда ортаның рухани-адамгершілік атмосферасы жағымды ықпал етеді. Осындай атмосфера әрбір нақты тұлғаның рухани қажеттіліктерін,

ұжымның рухани байлығын құрайды, жеткіншектің дүниетанымының негізі болып табылатын құндылық бағдарын дамытады. Құндылықтар жалпыадамзаттық құндылықтар басымдылығына бағдарланған, тұлғаның әлеуетін максималды ашуды, өзара көмекті, қолдауды, үйлесімді әлеуметтік өзара әрекетті сипаттайды.

Қазіргі заманғы білім беру мекемесінің көпсубъектілі ортасының компоненттері мыналар: жеке білім алу траекториясын қалыптастыруға бағдарланған вариативтілікті сипаттайтын, жағдаят пен табысты таңдау; оқытушы мен студенттің субъект-субъектілі әрекеттестігі; жоғары оқу орнының (топтың) рухани-адамгершілік ахуалы; әлеуметтік, мәдени, материалдық жағдайлар; қолайлы ортаны құруға мүмкіндік беретін әртүрлі білім беру мекемелері мүмкіндіктерінің үйлесімділігі. Көпсубъектілі орта студенттің тұлғалық әлеуетін ашуға, өзін-өзі танытуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, шығармашылық, ұжымдық істерді қолдауға, достық құндылығын жете ұғынуға мүмкіндік береді. Бұл студенттердің құндылық бағдарын дамытуға, оны іс жүзінде көрсетуге мүмкіндік беретін ахуал жағдайында ғана мүмкін болатыны белгілі.

Сондықтан *құндылық бағдар біріншіден*, адам белсенділігіне түрткі болатын реттеушілік; *екіншіден*, адамның өмірлік мақсаттарының ішкі қайнар көзі қызметтерін атқарады. Демек құндылық бағдар студенттердің бүкіл өмір әрекеттерін, әлеуетін, бүкіл ішкі мотивтері мен ұмтылыстарын толығымен ашу арқылы көрінетін өмірлік талпынысы. Ол адамның тұлғалық ерекшеліктеріне ғана емес, оның әлеуметтік жағдайларда өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі анықтауы кезіндегі іс-әрекетін саналы ұйымдастыруына да ерекше әсер ететін құбылыс. Осыдан құндылық бағдар тұлғаның мінез-құлқы мен іс-әрекетінде өмірлік мәнді мақсаттарды сипаттайтын өзінің құндылықтар туралы саналы түсінігі, ол оның әлеуметтік белсенді ұстанымына әсер етеді.

Құндылық бағдар тұлғаның жеке және әлеуметтік өмір тәжірибелері негізінде мұраттар мен құндылықтарды тануы арқылы қалыптасады және дамиды. Ол психологиялық және физиологиялық құбылыстар иерархиясын (тұлғаның өмірлік мақсаттарының болашағы мен мотивтері; қажеттіліктері мен әлеуеті; іс-әрекеттерін басқару стратегиясы; мінез-құлық бағдарламасы; т.б.) қалыптастыру үшін орта болады. Осы айтылғандар қазіргі заманғы білім беру кеңістігі, оның көпмәдени және көпсубъектілі ортасының студенттердің құндылық бағдарын дамытудағы орны мен рөлін айқындауға мүмкін береді.

Қазіргі заманғы білім беру кеңістігінің көпсубъектілік жағдайында құндылықтар тізімдерін ранжирлеуде жеке тұлғаның құндылықтар иерархиясының диагностикасы үшін М.Рокичтың «Құндылық бағдарды анықтау» әдістемесінің маңызы ерекше.

Осы әдістемеде тұлғаның құндылық бағдарын анықтау бойынша алынған нәтижелер мынадай жағдайларда: өздігінен білім алуы, дамуы сұрақтары бойынша ақыл-кеңес беруде; ұжымдық (командалық) топтасу, бірігу диагностикасы үрдісінде (ұжымдық (командалық) жұмыста жалпы мақсаттар, оны жүзеге асыру құндылықтары мен тәсілдері болғандықтан); ұжымдық мәдениет диагностикасында, әсіресе оның терең деңгейінде, әлемге, адамға, жұмысқа қатынасын көрсететін сенім, ұстанымдар, бұл деңгей өте маңызды; жеткіншектердің ниеті түзушілік пен адалдығына ықпал ететін корпоративті сәйкестілік (идентичность) дәрежесін зерттеуде; мотивациялық саласын зерттеуде; сыныптағы мінез-құлық стандарттарын жобалау және зерттеуде және т.б. маңызды.

Аталмыш әдістеме адамның құндылықты-мотивациялық аумағын зерттеуге бағытталған. Құндылықтар бағдарының жүйесі тұлға бағытталуының мазмұндық жағын сипаттайды, сонымен қатар студенттердің өзін қоршаған айналасына, өзге адамдарға, өз өзіне, дүниетанымына, өмірлік белсенділігіне, өмірлік тұжырымдарына және де «өмірлік философиясына» деген қатынасының негізін құрайды.

Қорыта келгенде, студенттердің құндылық бағдарын дамыту мақсатты бағыттағы іс-әрекеттің қажеттілігі жөнінде төмендегідей тұжырымдар жасалды: құндылық бағдарды бағыттылығы бойынша анықтау; адамгершілік бағыттылығы бар жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастыру; т.б. Бұл басымдылықтарын таңдау

ерекшеліктерін айқындауға және олардың сипатын белгілеу арқылы студенттердің құндылық бағдарының мазмұнын сипаттауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №828-831 (27902) 11 қараша, 2014 ж.
2. Гуманистические ценности развитого социализма и воспитание: межвузовский сборник научных трудов. Курск, 1985. – 116с.
3. Аль Фараби. Социально-этические трактаты. - Алма-Ата: Наука, 1973. -399с.
4. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі. – Алматы, 2002.
5. Нысанбаев Ә. Адам және қоғам/ Человек и открытое общество. –Алматы: Қаз. Энциклопедия, 1998. -272б
6. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. – Алматы, 2001. – 295б.
7. Rokeach M. The Nature of Human Values. N.Y., 1973.
8. Петровский В.А. Личность в психологии: Парадигма субъектности.-Р-на-Д.: Феникс, 1996. -512с.
9. Журавлева Н.А. Динамика ценностных ориентаций личности в условиях социально-экономических изменений: Дис. ... канд. психол. наук. - М., 2002.
10. Козырев В.А. Гуманитарная образовательная среда педагогического университета: сущность, модель, проектирование: Монография. СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2004.
11. Тарасов, С.В. Школьник в современной образовательной среде.-СПб.: «Образование-культура»,2000.-72с.
12. Мардахаев Л.В. Педагогика среды: учебное пособие. – Новосибирск: изд. НГПУ, 2009. – 471с.

УДК 796.853.26: 378

КАРАТЭ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ ДВИГАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ

Тулешов Тлеуехан Назымбекович

tleuhan96@mail.ru

Студент 3-го курса факультета социальных наук специальности
«Физическая культура и спорт» ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.
Научный руководитель – Филиппенко В.П.

Проведен анализ видов боевых искусств, развитых в Казахстане. Исследовано положительное влияние занятий каратэ на двигательную активность человека. Раскрыто содержание каратэ как вида боевых искусств и его основные средства, использование которых позволит повысить двигательную активность как учащейся молодежи, так и других слоев населения.

Одной из форм реализации естественной потребности учащейся молодежи в движениях могут быть восточные боевые искусства. Проведенные исследования показали, что у школьников, которые регулярно посещают занятия по восточным единоборствам: меньше проблем связанных, с гиперактивностью; лучшие показатели психического здоровья; выше оценки по поведению и предметам; меньше стеснительности и больше уверенности в себе; меньше агрессивности; более тесные и теплые отношения между родителями и детьми. Таким образом, выбранное восточное боевое искусство может выступать одним из средств повышения двигательной активности ученика общеобразовательной школы и дополнять